

6D072400 «Технологиялық машиналар мен жабдықтар»  
мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне  
ізденуші Қосатбекова Динара Шади亞рбековнаның «Астық-шоп-  
тыңайтыш сепкіш сінірушісінің параметрлерін негіздеу мен әзірлеу  
және оның жұмысшы бетінің жұмыс корын арттыру» атты  
диссертациясына

**ПКР**

Казіргі таңда елімізде жайылымдардың тозуы және малды сапалы азықпен өамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Мал басының осуі жайылымдардың тапталуына, яғни, шөп шығымының азауына әкеліп соктыруда. Екпе шөп егілген шабындықтарда да жанартудың болмауынан шөптің селдіреп, өнімділігінің аз болуы жи кездесуде. Сондықтан казіргі таңда жайылымдар мен шабындықтардың тиімділігін арттыру мәселесі өте маңызды болып отыр, яғни, диссертация тақырыбы өзекті сұракты шешуге бағытталған.

Қолданыстагы конструкциялар мен зерттеу жұмыстарының егжеттегілі талдауы авторга Қазакстан Республикасының патенттерімен коргалатын шоп тұқымдарын шымға тыңайтыш енгізе отырып себетін сепкіш құрылғының өзіндік конструкциясын ұсынуға мүмкіндік берді.

Автор алған тәуелділіктер сепкіш сінірушісінің топыракпен әсерлесуін барынша сипаттап, онтайлы мәндерін негіздел, тарту кедергісін құрылымдық және технологиялық параметрлерді байланыстыратын өрнек негізінде анықтауга мүмкіндік берді. Сінірушінің басты жұмыс органды қашаудың топыракпен әсерлесуін модельдеу арқылы оның тозу сипаты мен карқындылығын зерттеп, жарамдылық мерзімі мен тозуга төзімділігін арттыру жолы ұсынылды. Сонымен катар сініруші қашауының бетіне қаптама жасау режимінің онтайлы параметрлері негізделді.

Эксперименттік зерттеулер негізінде жұмыстың сапалық көрсеткіштерін сипаттайтын регрессиялық модельдер алынып, олардың талдауы авторга ұсынылған сініруші қашауының және қашаудың бетіне қаптама жасау режимінің онтайлы параметрлерін анықтауга мүмкіндік берді. Өндірістік тексеру сепкіш сініргішінің толықанды шымға тікелей әр-түрлі шөп тұқымдарын себу технологиялық үрдісін қамтамасыз ете алатынын көрсетті.

Диссертацияның негізгі бөліктері бірқатар ғылыми-практикалық конференцияларда, патенттерде және жарияланған жұмыстарда толық баяндады.

Диссертациямен жұмыс істеген кезде Д.Косатбекова өзін нақты ғылыми міндеттерді өз бетінше коя алатын және табанды түрде шеше алатын қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Ізденуші диссертациялық жұмыстың

максатын айқындауға байланысты зерттеу жоспарын, бағдарламасын және міндеттерін дайындағы. Ұсынылған жұмыс органды сұлбаларын әзірледі, оларды зертханада дайындағы. Лабораториялық және далалық эксперименттерді жүргізді. SolidWorks, ANSYS және LS-DYNA сиякты бағдарламалады колданып модельдеу, онтайландыру жұмыстарын орындағы. Зерттеу нәтижелерін тұжырымдау және өндеуді ұйымдастырды,

математикалық-статистикалық өндеуді және алынған нәтижелерді дәйектеуді орындады, мақалалар мен диссертация мәтінін әзірледі.

Диссертация КР ЕЖБ ғылым саласындағы бакылау комитетінің PhD диссертацияларына қойылатын «ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарын қанағаттандырады, ал оның авторы Қосатбекова Динара Шадиярбековна 6D072400 «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми көңесшісі:

т.ғ.д., «Техникалық механика»  
кафедрасының профессоры



Нукешев С.О.

